#ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Экологиядан экономикаға дейін: өзекті мәселелер талқыланды

Дамир ОМАРОВ, Ержан ӘБІШ

Өскеменде аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағановтың облыстық қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесуі өтті. Жиында аймақ дамуының маңызды мәселелері мен болашағы сөз болды, экономиканы әртараптандыру мен моноқалаларды дамыту, мүгедектігі бар адамдарға арналған қолжетімді орта қалыптастыру, сондай-ақ киберспортты дамыту жөніндегі ұсыныстар талқыланды.

– Бүгінгі кездесуіміз диалог форматында өтуде. Біз ашықпыз, қоғамдағы мәселелерді тыңдауға және барлық ұсынысты қабылдауға дайынбыз, – деді өңір басшысы.

Нұрымбет Сақтағанов атап өткендей, облыста экономиканы әртараптандыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Жыл сайын кемінде 106% тұрақты өсімді қамтамасыз ету үшін өңірлік жобалық кеңсе құрылып, барлық аудан мен қалаларда бес жылдық даму жоспарлары бекітілді. Сонымен қатар аудан-қала әкімдерімен KPI және нақты жобалар көрсетілген меморандумдарға қол қойылған. Өндірістік қана емес, әлеуметтік маңызы бар жобаларға да инвестиция тартуға ерекше назар аударылып отыр.

Облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Аяужан Әшімова азаматтық бақылаудың маңызын атап өтті. Оның айтуынша, кеңестің тәжірибесін аудан-қалаларға да үлгі етуге болады. Сондай-ақ ол кеңес мүшелерінің елді мекендер мен кәсіпорындарға барып, тұрғындармен жүздесуін жиі ұйымдастыруды ұсынды.

Мүгедектер құқығы жөніндегі комитет жетекшісі Ольга Кузовлева колледждердің мүгедектігі бар жастарға қолжетімділігі мәселесін көтерді. Осы ретте облыс әкімі бірден тиісті басқармаларға тапсырма берді.

Өскемен қалалық қоғамдық кеңесінің төрағасы Асқар Нұрғазиев экология мәселесін көтерді. Ол қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салу қажеттігін және қоқыс шығару жүйесін жетілдіруді ұсынды. Мәселен, қоқыс жәшіктерінің маңында қай компания қызмет көрсететіні және қашан келетіндігі туралы ақпарат жоқ. Оның айтуынша, қоғамдық кеңестер мен әкімдік арасындағы кері байланысты нығайтатын тұрақты тетіктер қажет.

Риддер қаласынан келген кеңес мүшесі Елена Агешкина тұрғындардан келіп түсетін шағымдарды жүйелі түрде қарау және халықпен тығыз жұмыс істеу қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ кездесу барысында өндірістік және аграрлық әлеуеті зор Алтай ауданын дамыту мәселесі қаралды. Шағын және орта бизнесті қолдау, инвестициялық бағдарламаларды кеңейту, жергілікті өнімді көбейту, моноқалаларды орнықты дамыту ұсыныстары айтылды.

Экологиялық комитет жетекшісі Геннадий Корешков экологияны жақсарту үшін барлық тараптың күшін біріктіру қажеттігін айтты. Ол қалдықтарды шығаратын кәсіпорындарға бақылауды күшейту бастамасын қолдап, қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыруды ұсынды.

Кездесудің маңызды бөліктерінің бірі отбасы және гендерлік саясатқа арналды. Облыстық кеңес мүшесі Зарина Камасова жастар арасында алдын алу жұмыстарын күшейту, отбасылық институтты сақтау, ажырасу мен түсік санын азайту қажеттігін алға тартты.

Киберспорт мәселесі де кеңінен талқыланды. Ауылдық жерлерде интернет сапасы төмен екені айтылып, танымал онлайн ойындарға арналған серверлерді орнату ұсынылды. Бұл бастама жастардың қызығушылығын тудырды.

Облыс әкімі кездесуде айтылған барлық ұсыныстар мен ескертулер тиісті мемлекеттік органдарға жолданатынын айтты.

– Біздің міндетіміз – тек тыңдау емес, айтылған идеяларды нақты шараларға айналдыру. Халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін бәріміз жұмыла жұмыс істеуіміз керек, – деді аймақ басшысы.

Кездесуде әкім әрбір ұсынысты мұқият тыңдап, кейбір сұрақтарға сол жерде нақты жауап берді, ал күрделі мәселелер тиісті басқарма басшылары мен әкімдік өкілдеріне тапсырылып, жедел шешім қабылданатын болды. Бірқатар тақырыптар бойынша қоғамдық кеңес өкілдерінің қатысуымен жеке жұмыс кездесулері ұйымдастырылатыны айтылды.

– Жалпы, қоғамдық кеңестер – кеңесші орган ғана емес. Қандай да бір мәселені жергілікті атқарушы билікпен бірлесе отырып шешуге болады. Осы кездесу – соның жарқын мысалы. Облыс әкімі, басқарма басшылары, қала әкімдігі өкілдері халықтың сөзін тыңдады. Айтылған мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берілді. Бұл – қоғамды алаңдатқан сұрақтарды шешудің жақсы мүмкіндігі, – деп қорытындылады облыстық қоғамдық кеңесінің төрағасы Аяужан Әшімова.

#ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Ермек Көшербаев: «Туризм — тек демалыс емес, ол — шағын және орта бизнес дамуы»

primeminister.kz

Андрей ДУДНИК

Апта басында Астанада өткен ҚР Үкіметінің отырысында биылғы қаңтар-маусым айларындағы елдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен республикалық бюджеттің орындалу барысы қаралды. Отырыстан кейін Премьер-Министр мен оның орынбасарлары бұқаралық ақпарат құралдары үшін арнайы брифинг өткізіп, журналистердің сауалдарына жауап берді.

Брифингте сөз болған маңызды мәселелердің бірі — Үкімет делегациясының Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаевтың жетекшілігімен еліміздің туристік аймақтарына жасаған инспекциялық сапарының нәтижелері. Делегация сапар барысында жағажай-курорттық демалыс орындарын аралап, туристік бизнес өкілдерімен, жергілікті атқарушы органдармен және тұрғындармен кездескен.

Еске сала кетсек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 13 маусымда өткен туризмді дамыту жөніндегі кеңесте бұл саланың жаһандық экономиканың серпінді дамуына серпін беретін маңызды фактор екенін атап өткен еді. Алайда, географиялық орналасуымыздың қолайлылығын, табиғи байлығымыз бен бірегей тарихи-мәдени мұрамызды ескерсек те, Қазақстанда бұл әлеует толық іске аспай отыр.

Осыған байланысты Үкімет басшысы Олжас Бектенов Президенттің туризм саласына қатысты тапсырмаларын орындау бойынша арнайы жиын өткізді. Мемлекет басшысы айтқан ескертулерді жедел түрде шешуді үйлестіру үшін Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербев пен Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов өңірлерге жұмыс сапарымен жіберілді.

15 шілде күні өткен брифингте Ермек Көшербаев Үкімет өкілдері өңірлерге тыңғылықты дайындықпен барғанын айтты. Жолға шықпас бұрын туристік саланың ахуалына қатысты бұқаралық ақпарат құралдарынан, блогерлер мен әлеуметтік желілерден сын-ескертпелер мен жағымсыз пікірлер жинақталып, жүйеленген. Соның негізінде сапарға аттанған кезде делегацияның қолында кемшіліктер мен заңбұзушылықтардың нақты тізімі дайын тұрған.

– Айтарымыз, біз жинаған деректердің басым бөлігі сапар барысында толығымен расталды, – деді Үкімет басшысының орынбасары. – Өз көзімізбен көрдік. Бірақ бұл бағытта мүлде жұмыс істелмеді деуге де болмайды.

Мысал ретінде Ермек Көшербаев Қапшағай су қоймасының жағалауындағы ірі демалыс аймағын атады. Онда мемлекет тарапынан тиісті жағдай жасалып, инвестор келіп, қаржы құйған. Бүгінде бұл аймақта демалыс пен ойын-сауық орындарынан бастап спорт алаңдарына дейін бәрі бар. Соның арқасында туристердің ағыны да артып отыр.

Pixabay

– Бұл — мемлекет жағдай жасап, инвестор қаржы салып, қызмет көрсету мен сервистің дұрыс ұйымдастырылған үлгісі, – деп атап өтті Ермек Беделбайұлы. – Туризм тек демалыс емес, бұл — шағын және орта бизнестің дамуына үлкен мүмкіндік.

Вице-премьердің айтуынша, жұмыс сапары барысында баса мән берілген мәселе — анықталған кемшіліктер мен заңбұзушылықтар. Әсіресе коммуналдық жағажайларды ұйымдастырудағы түйткілдер көп сынға ілікті. Бұл ретте, Ермек Көшербаевтың пікірінше, бірінші кезекте жергілікті атқарушы органдардың, тіпті жағажай орналасқан ауылдың әкіміне дейін, нақты ұстанымы болуы керек. Жауапкершілік тізбегі барлық деңгейде айқындалуға тиіс.

Оның айтуынша, бұл саладағы қызметті реттейтін барлық қажетті нормативтік-құқықтық актілер, санитарлық нормалар, су жағасында және суда жүріс-тұрыс ережелері, жағажайлар мен демалыс аймақтарын абаттандыру стандарттары елімізде толық әзірленген әрі қолданыста.

– Егер сол талаптар орындалмаса, ол жерде ластану мен жүйесіздік орын алады, – деп қадап айтты Ермек Көшербаев.

Үкіметтік топ сапар кезінде туристік нысандарды аралап, жергілікті тұрғындар мен бизнес өкілдерімен жүздесті. Сол кездесулерден жиналған пікір, ұсыныс пен шағымдар топтастырылып, арнайы талдау әзірленген.

Вице-премьердің сөзінше, осы жинақталған материалдар негізінде жақын арада нақты шаралар қолға алынады. Қолда бар жергілікті және орталық атқарушы органдардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, саланың проблемаларын жоюға күш салынады. Бұдан бөлек, бұл деректер аясында кешенді мәселелерді шешуге арналған арнайы «жол картасы» әзірленбек.

– Біз «жол картасын» жасап, Үкіметте бекітіп, оны өңірлерге жолдаймыз. Онда әрбір тапсырманың мерзімі, жауапты тұлғалар, олардың жауапкершілігі нақты көрсетіледі. Тіпті жауаптылардың аты-жөндері де белгіленеді, – деді Ермек Көшербаев. – Әрі бұл құжат ашық жарияланады. Әр тармақ бойынша уақтылы бақылау жүргіземіз.